

# «БАЛА ДАУЫСЫ» ҰЛТТЫҚ БАЛАЛАР ӘН БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ (ЖАРИЯ ОФЕРТА) - 2019

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

## ҰҒЫМДАР МЕН ТЕРМИНДЕР

**Байқау** - «Бала Дауысы» ұлттық балалар ән байқауы, сонымен қатар оны өткізудің барлық кезеңдері;

**Ұйымдастырушы** – «ЖАНДАНУ ӘЛЕМІ» жеке қоры, тіркелген мекенжайы: Алматы қ., Достық д-лы, 341, БСН 150240021227, ол «Бала Дауысы» Ұлттық балалар ән байқауының құқық иесі болып табылады;

**Қатысушы** – Тең сайысу талаптарымен байқауда жеңіп шығу мақсатында «Бала Дауысы» Ұлттық балалар ән байқауына ерікті, ақысыз негізде қатысатын 8 жас пен 12 жас аралығындағы бала;

**Қатысушының заңды өкілі** – Қатысушының кәмелетке толған заңды өкілі (анасы/әкесі) немесе үшінші тұлғалармен арақатынаста Қатысушының атынан оның мүдделерін танытуға, Қатысушының атынан құқықтар мен міндеттемелерді қабылдауға, оның атынан кез келген жауапкершілікті арқалауға және Қатысушының атынан мәмілелер жасауға құқығы бар, сонымен қатар Қатысушының және өзінің тіркеу деректерін толтыру жолымен осы келісімге (жария офертқа) қосылу және осы Келісімді акцепттеу арқылы Байқауда Қатысушының мүдделерін танытатын Қатысушының заңды қамқоршысы.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп, ал жеке-жеке «Тарап» деп атала отырып, Қатысушының заңды өкілі бір жағынан және Ұйымдастырушы екінші жағынан осы келісімді (жария офертаны) төмендегі жөнінде жасасты:

**1.1.** Қатысушы Байқаудың өзге қатысушыларымен тең талаппен жарыса отырып, жеңу мақсатында Байқауға қатысады.

**1.2.** Тараптар осы келісімді жасай отырып, әрбір Тараптың келісімді жасауға және оның талаптарын тиісті түрде орындауға қажетті барлық құқықтар мен уәкілеттіктерге ие болып табылатындығын, үшінші тұлғалардың тарапынан қандай да бір кінәраттардың жоқтығын, ал болашақта туындауы мүмкін болған жағдайда оларды үшінші тұлғалармен әрқайсысы өз тарапынан реттейтінін мәлімдейді және бұған кепілдік береді.

**1.3.** Қатысушы мен Қатысушының заңды өкілі Байқаудың барлық бөлімдері мен мүліктік құқықтардың, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, Байқауды жүзеге асыратын кезде жасалған бейне материалдардың, фото материалдардың, әннің, сұхбаттың, жарнаманың, ақшалай пайданың, графика нысандарының, шығармашылық туындылардың Ұйымдастырушыға мерзімсіз тиесілі болатынын, Қатысушы мен Қатысушының Заңды өкілінің Байқауды немесе оның көрсетілген бөлімдері мен құқықтарын жүзеге асырудан қайсы бір сыйақыға қазір де, болашақта да үміттенбейтінін, сондай-ақ Қатысушының бейнесін, Қатысушының идеясын, Байқаудың немесе оның бөлімдерінің бейнелеуін Ұйымдастырушының, Ұйымдастырушымен байланысты үшінші тұлғалардың пайдалануына болашақта тыйым салмайтынын мойындайды және бұған кепілдік береді.

**1.4.** Қатысушының заңды өкілі осы Келісім талаптарымен және басқа да Байқауға қатысу талаптарымен мұқият және егжей-тегжейлі танысқанымен келіседі және осыған байланысты Байқауға қатысуымен байланысты және сәйкесінше Қатысушыны бұқаралық ақпарат құралдары, Интернет желісі арқылы көрсетумен немесе оның бейнесін және/немесе ол туралы мәліметтерді БАҚ-да көрсетумен байланысты Ұйымдастырушыға моральдық шығын мен залалдың өтемі туралы қайсы бір материалдық кінәраттарды қоймауға кепілдік береді.

**1.5.** Қатысушының заңды өкілі осы Келісімді акцепттей отырып, Ұйымдастырушыға ҚР АҚ 145-бабына және Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» қолданыстағы заңына сәйкес болашақта Қатысушыға немесе Қатысушының заңды өкіліне қайсы бір ақшалай қаражат төлеместен Қатысушының және Қатысушының заңды өкілінің бейнесі мен даусын пайдалануға барлық қажетті құқықтарды, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, жария хабарлау құқығын, сонымен қатар жария көрсету құқығын, эфир арқылы, оның ішінде кабель арқылы хабарлау құқығын, пайда алу құқығын, өз құқықтарының бір бөлігін өзге пайдаланушыларға табыстау құқығын (теле/радио арқылар және т.б.) табыстайды.

**1.6.** Қатысушыға және Қатысушының Заңды өкіліне 2019 жылғы «31» желтоқсанға дейін Ұйымдастырушының қатысуынсыз ұйымдастырылған өзге байқауларға, концерттерге, жария өнер көрсетуге және телевизиялық іс-шараларға қатысуға тыйым салынады. Бұл талап бұзылған жағдайда Қатысушының Заңды өкілі

Ұйымдастырушының бірінші талабымен 300 000 (үш жүз мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді. Осы тармақтың талаптары Байқауға қатысудан шығып қалған Қатысушыға тарамайды.

## **2. ҚҰҚЫҚТАР ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР**

### **2.1. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

2.1.1. Барлық қажетті рәсімдерді ұйымдастыру және Байқау мен бүкіл түсірілім процесінің кешенін ұйымдастырумен байланысты шығындарды өз бетімен көтеру.

### **2.2. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ**

2.2.1. Қатысушының, Қатысушының заңды өкілінің, Байқаудың, іріктеу кезеңдерінің, кастингтер мен оның құрамдас бөліктерінің телевизиялық бейне жазбасы мен фото түсірілімін жүргізу немесе осындай жазбаны өзге телевизиялық арналар мен БАҚ-ның жүргізуіне рұқсат беру;

2.2.2. Байқауды Ұйымдастырушының құқықтарын және оның барлық құрамдас бөліктерін қорғауды жүзеге асыру;

2.2.3. Дербес және өз қарауына орай Байқаудың тақырыбын, сценарий жоспарын және Байқаудың сюжеттерін, Байқауды өткізу орны мен кестесін, Байқауға қатысуға қойылатын талаптарды, Байқауға қатысу ережелері мен регламентті, қазылар алқасының құрамын және Байқаудың іріктеу кезеңдерінің жеңімпаздарын анықтау әдістерін, Байқаудағы жеңіс үшін берілетін жүлделерді, жүлделі орындар санын, сонымен қатар Байқауды өткізудің өзге ережелерін, талаптарын және тетігін белгілеу және өзгерту;

2.2.4. ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

2.2.5. Байқаудың кез келген кезеңінде Қатысушының немесе Қатысушының Заңды өкілінің келісімінсіз регламенттерді, ережелерді, кестелерді, талаптарды және Байқаудың басқа да ұйымдастырушылық құрамдас бөліктерін біржақты тәртіппен өзгерту;

2.2.6. Байқаудың қазылар алқасы немесе ұйымдастыру комиссиялары арқылы өз қарауына орай және себептерін түсіндірместен жарысу қағидасын ескере отырып, Байқаудың әрбір кезеңінің қорытындысы бойынша (кастинг, іріктеу кезеңі, жартылай финал, финал және т.б.) Қатысушыны жеңімпаз ретінде немесе Байқаудан шығып қалған қатысушы ретінде белгілеу;

2.2.7. Қатысушы немесе Қатысушының заңды өкілі осы Келісім талаптарын немесе Байқаудың өзге ережелерін, регламенттері мен кестелерін біржақты, соттан тыс тәртіппен өзгерткен жағдайда Қатысушының заңды өкіліне осы Келісімнің мерзімінен бұрын бұзылатыны туралы хабарландыру жолдау арқылы Қатысушыны Байқауға қатысудан шеттету (шығару).

2.2.8. Мемлекеттік органдардың сәйкес өкімі болған жағдайда, Ұйымдастырушы банкрот болған жағдайда, ұлттық қаралы күндер, соғыс әрекеттері, табиғи катаклизмдер және басқа да форс-мажор жағдайлары болған жағдайда Байқаудың кез келген кезеңінде Қатысушыға немесе Қатысушының заңды өкіліне қайсы бір өтемақыларды төлемей, Ұйымдастырушының интернет-қорына немесе БАҚ-қа сәйкес ақпаратты жариялау жолымен Байқауды өткізуді тоқтату (жабу) немесе уақытша тоқтату. Бұл жағдайда осы Келісім сәйкес ақпаратты жариялаған күннен бастап өз күшін тоқтатқан болып есептеледі.

### **2.3. ҚАТЫСУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

2.3.1. Қатысушы Байқаудың финалына өту үшін бар күш-жігерін салуға, сонымен қатар Байқаудың ережесін/регламентін/кестесін, Ұйымдастырушының Байқау туралы ережелері мен өкімдерін орындауға және оларға қатаң сәйкестікті сақтауға міндеттенеді.

2.3.2. Байқаудың телевизиялық түсірілімін өткізу үшін бекітілген күндерді жібермеу, сонымен қатар ұқыптылық пен міндеттілікті сақтау.

2.3.3. Байқаудың барлық кезеңдеріне қатысу (өткен жағдайда), сонымен қатар Ұйымдастырушының нұсқауы болған жағдайда Ұйымдастырушы ұйымдастырған бейне және фото түсірілімдерге, баспасөз конференцияларға, сұхбатқа және т.б. қатысу.

2.3.4. Белгіленген тәртіпті, жалпылай қабылданған моральдық-этикалық іс-әрекет нормаларын, Ұйымдастырушы бекіткен Байқаудың кестесі мен регламентін қатаң орындау, Байқаудағы жетекшілердің және Ұйымдастырушының өзге жауапты тұлғаларының заңды өкімдерін орындау.

2.3.5. Ұйымдастырушының мүлкіне күтіммен қарау және келтірілген залал үшін жауапкершілік арқалау.

2.3.6. Байқау аяқталғанша немесе одан шығып қалғанға өзге музыкалық байқауларға және іс-шараларға қатыспау.

#### **2.4. ҚАТЫСУШЫНЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛІНІҢ МІНДЕТТЕРІ:**

2.4.1. Байқауда Қатысушының моральдық-этикалық іс-әрекетін дербес бақылау, Байқау шеңберіндегі іс-шаралар өткізілетін кезең ішінде Байқаудың аумағында және одан тысқары жерлерде Қатысушының орналасқан жері мен қозғалуын дербес қадағалау, Қатысушының немесе Байқауға қатысы бар өзге тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өзге іс-әрекеттерді жүзеге асырмау, сонымен қатар Қатысушының қауіпсіздігін дербес қамтамасыз ету, оның ішінде жаппай іс-шаралар кезеңі ішінде (кезекте, адамдар көп жиналған жерлерде, адамдар жаппай қозғалатын жерлерде, көлікпен жүретін кезде және т.б.).

2.4.2. Байқауды өткізуге кедіргі келтірмеу, Ұйымдастырушының қызметіне араласпау және өз тарапынан барлық қатысушылар үшін тең және адал болып табылатын Байқаудың жарыс қағидаларын бұзуды көздейтін жемқорлық іс-әрекетке жол бермеу.

2.4.3. Қатысушы кастингтерге, Байқаудың іріктеу кезеңдеріне және Байқаудың басқа да жаппай іс-шараларына қатысатын кезде Қатысушыны өз бетімен қадағалауды қамтамасыз ету, сонымен қатар Қатысушы тәртібінің дұрыс болмауы, Қатысушының немесе Қатысушының Заңды өкілінің жалпы тәртіпті бұзуы, өрт қауіпсіздігі ережелерін және судағы қауіпсіздік ережелерін бұзуы, осы Келісім мен Байқаудың өзге қағидаларының ережелеріне бұзуы, Қатысушының Заңды өкілінің тарапынан тиісті бақылаудың болмауы салдарынан Қатысушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін дербес жауапкершілік арқалау.

2.4.4. Байқауды өткізу кезеңі ішінде Ұйымдастырушыға Қатысушының іс-әрекетімен келтірілген кез келген мүліктік залалды өтеу, сондай-ақ Байқауды өткізу нәтижесінде туындаған Ұйымдастырушыға қатысты қайсы бір мүліктік талаптардан бас тарту.

#### **2.5. КЕЛІСІМДІ АҚЦЕПТТЕУ:**

2.5.1. Қатысушының, Қатысушының Заңды өкілінің деректерін толтырып, «Тіркелу» батырмасын басу арқылы Қатысушының заңды өкілі осы Келісімнің талаптарымен келіседі және осы жария офертаны акцепттейді. Осы жария оферта «Тіркелу» (акцепт) батырмасын басқан сәттен бастап күшіне еніп, Қатысушы мен Заңды өкілдің орындауына міндетті болады. Қатысушы мен Заңды өкілдің деректерін толтыру, сонымен қатар осы Келісімді акцепттей отырып, тіркелуді Заңды өкілдің ауызша өтініші мен бастамасы бойынша Байқау іс-шаралары өткізілетін жерде Ұйымдастырушы өкілдерінің көмегімен жүргізілуі мүмкін, бұл жағдайда Келісімді акцепттеу Заңды өкіл өзінің және Қатысушының деректерін өз бетімен толтырғандағыдай күшке енген болып есептеледі.

2.5.2. Осы Келісімді акцепттей отырып, Қатысушының Заңды өкілі төмендегілер үшін дербес жауапкершілік арқалайды және оларға кепілдік береді:

2.5.2.1. Қатысушы мен Қатысушының заңды өкілінің осы Келісімде баяндалған құқықтары мен міндеттерінің мәнін-мағынасын толық көлемде түсінеді;

2.5.2.2. ерікті түрде және Қатысушының мүддесінде ғана әрекет етеді;

2.5.2.3. осы Келісімде және Байқауда Қатысушының мүдделерін танытуға қажетті барлық құқықтары мен уәкілеттіктері бар;

2.5.2.4. кәмелетке толған, толық құқықтық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілігіне ие;

2.5.2.5. осы Келісімді акцепттеу арқылы Қатысушының немесе өзге үшінші тұлғалардың құқықтары мен еркіндігін бұзбайды;

2.5.2.6. акцепттеу сәтінде алкогольмен, уытты заттармен және басқа да заттармен мастану күйінде емес;

2.5.2.7. Қатысушының физикалық және психологиялық денсаулығының жәй-күйі Қатысушыға өмірі мен денсаулығына ешбір зиян келтірместен Байқауға қатысуға толық көлемде мүмкіндік береді;

2.5.2.8. Қатысушы мен Қатысушының заңды өкіліне арналған бағандарда көрсетілген мәліметтер тура көрсетілген және шындыққа сәйкес келеді.

2.5.3. Қатысушының Заңды өкілі осы Келісімнің 2.5.2. тармағында көрсетілген кепілдіктерді бұзған жағдайда Қатысушының, Ұйымдастырушының, мемлекеттік органдар мен өзге үшінші тұлғалардың алдында өз бетімен толық дербес жауапкершілік арқалайды.

2.5.4. Осы келісімді акцепттеуді жүзеге асырған тұлға Қатысушының Заңды өкілі болмаған жағдайда немесе алдау, алаяқтық, Қатысушының құқықтары мен еркіндік құқығын бұзу мақсатын көздеген жағдайда осы Келісімнің

акцептін жүзеге асыратын тұлға Қатысушының Заңды өкілінің, Қатысушының, мемлекеттік органдар мен өзге үшінші тұлғалардың алдында толық дербес жауапкершілік арқалайды.

2.5.5. Осы Келісімнің акцептін жүзеге асырған тұлға сәйкес жолдарда толтырған деректердің туралығы мен түпнұсқалығы үшін Ұйымдастырушы жауапкершілік арқаламайды.

2.5.6. Осы Келісімді акцепттеуді жүзеге асырған тұлғаның Қатысушының Заңды өкілі болып табылмайтыны немесе оның алдау, алаяқтық, Қатысушының құқықтары мен бостандығын бұзуды көздеу фактісі анықталған жағдайда немесе осы Келісімді акцепттеуді жүзеге асырған тұлға толтырған деректердің тура немесе түпнұсқа еместігі анықталған жағдайда осы Келісім акцепттелмеген және заңды күшке енбеген болып есептеледі.

## **2.6. ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ**

2.6.1. Осы келісімді акцепттеу 26.10.2019 жылға дейін жүзеге асырылуы (осы күнді қоса алғанда) тиіс, көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін жүзеге асырылған барлық акцепттеулер жарамсыз болып есептеледі.

2.6.2. Осы келісім оны Қатысушының заңды өкілі акцепттеген сәттен бастап күшіне енеді және Байқау аяқталғанша немесе Келісім мәтінінде көрсетілген негіздемелер бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылғанша жарамды болып табылады.

2.6.3. Осы Келісімнен туындайтын барлық соттық даулар Қазақстан Республикасы Алматы қаласының соттарында қарастырылуы тиіс.

2.6.4. Осы келісім Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.